

# Жас өнерпаз топ жарды

Жерлесіміз Азат Тобылұлы облыстық байқауда жүлделі орынға ие болды

Қостанай қаласында алғаш рет «Тобыл сазы» Қостанай композиторларының әндерін орындаушылардың облыстық байқауы өтті.

Аудан өнерпаздары арасында өткен байқаудың мақсаты – талантты жергілікті композиторлардың туындыларын қайта жандандыру, халыққа таныту, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру және өнерпаз әншілердің орындаушылық шеберліктерін шыңдау болды.

Аталмыш шараға Мендіқара ауданынан қатысқан таланты мен дарынының арқасында тыңдарманның көңілінен шыға білген «Юбилейный» Мәдениет үйінің өнерпазы Азат Тобылұлы.

Жас әнші өнерлі Болатовтар отбасында дүниеге келген. Ана мен әкеден дарыған қасиет бүгінде бойтұмарына айналып, Азат нағыз өнер адамына айналды. Өнерін шыңдап, бүгінде облыстық байқауда бағын сынады және сол сыннан сүрінбей өтіп, ауданымызға жүлделі екінші орынмен оралды.

- Өнер адамы болған соң байқауларда бақ сынап



Азат Тобылұлының өнеріне әділқазылар алқасы жоғары баға берді

тұрған дұрыс деп есептеймін. Өткен байқауда мен мықтымын деген өнерпаздар өнер көрсетті. Қайсысы болмасын талантты, өнерде ойып орын алған жандар. Маған екінші орын бұйырған екен. Өнерім бағаланып жатқанына қуаныштымын. Десе де мен үшін ең үлкен марапат елімнің, халқымның ыстық ықыласы. Ата-анам мен үлкендердің ақ батасы, - дейді Азат Тобылұлы.

Байқаудың аты байқау, оңайға соқпағаны анық. Аудандардан жиналған ең мықты әншілер бас қосып, үлкен сахнада өнер көрсетті. Жерлесіміз намысты қолдан жібермей, жеңістің төрінен көріне білді.

Іс-шара көркемөнерпаз-

дардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы мен облыстық «Композиторлар одағы» бірлесіп ұйымдастыруымен өтті.

Үлкен додада өнер көрсеткен үміткерлерді қазылар алқасы бағалады. Әділ шешім шығарылғаннан кейін жеңімпаздар есімі анықталды.

Байқаудың қорытындысы бойынша бірінші орын Федоров ауданынан Тасқын Әжібайға бұйырып, үш жүз мың теңгеге иелік етті. Жерлесіміз Азат Тобылұлы екінші орын және екі жүз мың теңгені қанжығасына байлады. Ал жүлделі үшінші орын және жүз елу мың теңге Қостанай ауданының өнерпазы Нұриден Қабы-

кен мен Қостанай қаласынан Жаннұр Тұрмағанбеттің жеңіс қоржынынан көрінген екен.

Облыстық «Композиторлар одағы» қоғамдық бірлестігінің арнайы сыйлығын яғни, елу мың теңгені Жангелдин ауданының өнерпазы Фариза Бүркітбай иеленді.

Қатысушылардың қалғаны елу мың теңге қаржылай сыйақы және Алғыс хаттармен марапатталды.

Ауданымызға жеңіспен оралған өнерпазымызды жүлделі екінші орынмен құттықтаймыз және өнеріңіз өрге жүзсін деген ақ тілегімізді білдіреміз.

*Дайындаған*  
**Тұрсынай МҰХТАРҚЫЗЫ**